

**"Қостанай облысының мемлекеттік коммуналдық мүлігін жалға берудің ережесін бекіту туралы" әкімдіктің 2005 жылғы 14 қаңтардағы N 1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 380 қаулысы. Қостанай облысы әділет департаментінде 2005 жылғы 13 желтоқсанда N 3525 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 6 тамыздағы № 278 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.08.06 № 278 қаулысымен .*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N№1303 қаулысымен бекітілген Салықтық емес түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдар тізбесінің 17-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай облысының мемлекеттік коммуналдық мүлігін жалға берудің ережесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы N 1 (мемлекеттік тіркеу нөмірі 3300, "Қостанайские новости", 2005 жылғы 15 ақпан N 23, "Қостанай таңы" 2005 жылғы 2 ақпан N 12) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5 тармақтағы ереже келесі редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үйдегі және өндірістік шаруашылық бағыттағы ғимараттағы тұрғын емес үй-жайдың 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалгерлік ақының көлемі айлық есеп айырысу көрсеткішінің мөлшерлемесі негізінде анықталады және коэффициенттерді есепке алумен есептеледі.

$$Ж а = Р п * К _ 1 * К _ 2 * К _ 3 * S ,$$

Ж а - жылдық жалгерлік ақы;

Рп - жалгерлік ақының базалық мөлшері (айлық есеп айырысу көрсеткіші);

К<sub>1</sub> - ғимараттың аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициенті;

К<sub>2</sub> - объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент;

К<sub>3</sub> - ғимараттың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалға берілген ғимараттың алаңы (шаршы метр).

### Ғимараттың аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициенті

Аумақтық зонасы	$K_1$
Облыс қалалары (Жітіқара қаласы мен Арқалық қаласынан басқалар)	2,3
Облыс аудандары (Жітіқара қаласы мен Арқалық қаласын қосқанда)	1,6

### Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент

Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын	$K_2$
Орталық (Сити-орталығын ескермегенде) Қайырбеков-Темірбаев (вокзал маңы аумағын қосқанда) Павлов-Шевченко көше шекарасында	2
қ а л а а у д а н д а р ы : С и т и о р т а л ы ғ ы Темірбетондық өндіріс комбинаты (ТБӨК) Мауыты-шұға комбинаты (МШК) Басқа да аудандар	3 1 1 0,9

### Ғимараттың түрін еске алатын коэффициент

Ғимараттың түрі	$K_3$
Ж е к е т ұ р ғ а н	1
қ о с ы м ш а с а л ы н ғ а н	1
Ж а р т ы л а й ж е р т ө л д і	0,85
Ж е р т ө л д і	0,70
Қоймалық	0,60

Селолық аймақта орналасқан көлемі 250 шаршы метр және одан артық болған үй-жайлар үшін жалгерлік ақыны есептеген кезде төмендетілетін 0,7 коэффициенті қолданылады";

2) 6 тармақтағы ереже 2 абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға су құбырын жалға берген жағдайда нөлдік жалгерлік мөлшер қолданылсын";

3) 7 тармақтағы ережеде "Сб-жылдық базалық мөлшері" сөзінен кейін "( $R_p * K_1 * K_2 * K_3$ )" формуласымен толықтырылсын;

4) 19 тармақтың 1-тармақшасындағы қаулы»сөзінен кейін "нотариалдық куәландырылған" сөзі алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын қадағалауды Қостанай облысы әкімінің орынбасары А.П. Рауға жүктелсін.

*Қостанай облысының әкімі*